

ОТЫРАР кітапханасы

Кітапхананы дамыту бөлімі



«Пайдалы кәсіби кеңестер — кітапханашы үшін»

/ұсыныстық көмекші құрал/

Отырар 2025

**«Пайдалы кәсіби кеңестер – кітапхана үшін» /ұсыныстық
көмекші құрал/ Отырар аудандық орталық кітапхана;
құрастырған: Г.Дәулетова. – Отырар.**

Кіріспе

Кітапханашы – оқырман мен білім арасындағы алтын көпір. Қазіргі заманда кітапхана қызметкері тек кітап сақтаушы емес, ақпараттық мәдениетті дамытушы, шығармашыл, қоғамның мәдени өміріне үлес қосушы маман.

Қазіргі заман талабына сай кітапханашы оқырманмен дұрыс қарым-қатынас орнатып, ақпараттық технологияларды меңгеріп, білім мен мәдениетті насихаттауы қажет. Бұл көмекші құрал кітапханашыларға кәсіби біліктілігін арттыруға және жұмыс сапасын жетілдіруге бағытталған.

Сонымен бірге кітапханашыларға күнделікті жұмысында, кәсіби дамуда және оқырманмен қарым-қатынас жасауда бағыт-бағдар болуға арналған.

Мұны әдістемелік құрал немесе тәжірибелік көмек ретінде пайдалануға болады.

1. Кітапханашының басты кәсіби қасиеттері

- Ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті;
 - Оқырманмен тіл табысу мәдениеті;
 - Ұйымдастырушылық және шығармашылық икем;
 - Жауапкершілік пен ұқыптылық;
 - Үздіксіз білім алуға ұмтылыс.
- > «Кітапханашы — оқырманның жан дүниесін байытатын адам.»

2. Кітапханашының кәсіби бейнесі

- **Мәдениет пен тәртіп** – әр оқырманға жылы жүзбен қарау, әдепті сөйлеу, тыңдай білу.
- **Ізденімпаздық пен жаңашылдық** – жаңа әдістерді меңгеру, креативті жобалар жасау.
- **Жауапкершілік пен сенімділік** – кітап қорын ұқыпты сақтау, ақпаратты нақты ұсыну.

Keңес:

Әр аптаның соңында өзіңіздің жетістіктеріңіз бен кемшіліктеріңізді талдап, кәсіби даму күнделігін жүргізіңіз.

3. Күнделікті жұмыста пайдалы кеңестер

- **Күн жоспарын құрыңыз** — әр күннің басында міндеттерді реттеп, басымдық беріңіз.

- **Оқырманмен байланыс орнатыңыз** — жылы қарсы алу, әңгімелесу мәдениеті маңызды.
- **Кітап қорын жаңартып отырыңыз** — сұранысқа ие әдебиеттерді анықтап, жаңарту кестесін жасаңыз.
- **Іс-шараларды әртараптандырыңыз** — квест, әдеби викторина, буктрейлер, авторлық кездесу секілді форматтарды қолданыңыз.
- **Цифрлық сауаттылықты арттырыңыз** — электронды каталогтар, әлеуметтік желі парақшалары, цифрлы көрмелер дайындауды меңгеріңіз.

4. Оқырманмен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері

- ❖ **Жас ерекшелігіне қарай кітап ұсыну** (балаларға – ертегілер, жасөспірімдерге – мотивациялық әдебиеттер).
- ❖ **Оқырман қызығушылығын зерттеу** (сауалнама, пікір қорабы, әлеуметтік желі).
- ❖ **«Айдың үздік оқырманы», «Кітап оқып көр!»** сияқты шағын жобалар ұйымдастыру.

Keңес:

> Әр жаңа оқу маусымында оқырманды тартудың ерекше форматтарын (квест, буктрейлер, әдеби викторина) қолданып көріңіз.

5. Оқырманмен жұмыс жасау әдістері

- Тақырыптық көрмелер, кітап презентациялары;
- «Оқырман таңдауы», «Кітап апталығы» акциялары;
- Жасөспірімдермен және балалармен клубтық жұмыстар;

- Мектеп, колледж, қоғамдық ұйымдармен бірлескен жобалар.

6. Ақпараттық технологиялар және цифрлық сауаттылық

- Электронды каталог, QR-код, онлайн көрме жасау.
- Әлеуметтік желілерде кітапхана парақшасын белсенді жүргізу.
- Google Forms, Canva, PowerPoint бағдарламаларын қолдану арқылы заманауи форматтар ұсыну.

Кеңес:

> Әр айда бір жаңа цифрлық құралды меңгеріп, оны жұмысыңызда қолданыңыз.

7. Кітапханашының өзін-өзі дамыту бағыттары

- ❖ Кәсіби курстар мен семинарларға қатысу;
- ❖ Заманауи кітапхана технологияларын үйрену (RDA, MARC, Koha, т.б.);
- ❖ Кәсіби әдебиеттер мен журналдарды оқу;
- ❖ Өз блогы немесе әлеуметтік желідегі парақшасын жүргізу.

- ❖

8. Іс-шаралар мен мәдени жобаларды ұйымдастыру

- Әдеби кештер, поэзия сағаттары, кітап көрмелері.
- Туған жер тарихы, ұлы тұлғаларға арналған кештер.
- Оқушылар мен ата-аналарға арналған «Кітап оқитын отбасы» байқауы.

Кеңес:

> Әр іс-шараның соңында оқырманнан шағын пікір немесе кері байланыс алыңыз — бұл келесі шараның сапасын арттырады.

9. Кәсіби даму жолдары

- Семинарлар, вебинарлар, оқу курстарына қатысу.
- Басқа кітапханашылармен тәжірибе алмасу.
- Өз еңбегіңізді жергілікті басылымдарға, әлеуметтік желілерге жариялау.

Кеңес:

> Әр тоқсанда бір кәсіби мақсат қойып, оның орындалуын талдаңыз.

10. Креативті идеялар мен бастамалар

- **«Жасырын оқырман» акциясы** (оқырман белгісіз кітап таңдайды);
- **«1 кітап — 1 өмір» жобасы** (әр кітапқа жеке тарих);
- QR-код арқылы электронды көрме;
- **«Түнгі кітапхана»** немесе **«Кітапханадағы кофе-бұрыш»** идеясы.

Қорытынды.

Кітапханашының жұмысы – рухани еңбек. Бұл мамандықты таңдаған адам үнемі ізденіс үстінде жүруі қажет.

Кітапханашының кәсіби шеберлігі – үздіксіз дамудың, сүйіспеншілік пен ізденістің нәтижесі. Кітапхана – рухани байлық ордасы, ал кітапханашы – соның жүрегі.

Осы көмекші құрал кәсіби жолда әр кітапханашыға бағдаршам болсын.



OTYRAR
KITAPHANASY

Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік:77-5-78
Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru